

Жамбыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қазандағы № 517 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 қазанда № 4770 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 9 желтоқсандағы №691 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 09.12.2022 №691 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 27-бабына, "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 25 мамырда № 11148 болып тіркелді) 102-тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жамбыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. "Жамбыл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қыдыралыұлы Ерланға жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

Жамбыл ауданының әкімі

С. Арубаев

Жамбыл облысы әкімдігінің
2020 жылғы 19 қазандағы
№ 517 қаулысына қосымша

Жамбыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Ауылдық округ атауы	Ауыл атауы	Сауда орындары
			Абай көшесі №586 мен №60 ғимараттарының аралығы

1	Аса	Аса	Абай көшесі №46 мен №52 ғимараттарының аралығы Абай көшесі "Ләйлә" дүкеніне қарама қарсы беттегі аялдаманың арты бұрынғы автобекет ғимаратының алды Абай көшесінің бойындағы кіші футбол алаңының алды Абай көшесі №104 "Жамбыл аудандық орталық емхана" ғимаратының алды Абай көшесі орталық алаң /орталық жәрменкелер аудандық мәндегі іс шаралар өткізу кезіндегі сауда саттыққа
2	Айша бибі	Айша бибі	Жібек жолы көшесіндегі мәдениет үйінің алдындағы алаң
3	Ақбұлым	Ақбұлым	Дербіс болыс көшесі №50 ғимараттың алды
4	Ақбастау	Шоқай	Қ. Рысқұлова көшесі №28 "Айдана" дүкенінің алды
5	Бесағаш	Бесағаш	Жеңіс және Бейбітшілік көшелерінің қиылысы
6	Гродеково	Гродеково	Ақжол көшесі №88 В мәдениет үйінің алаң
7	Ерназар	Ерназар	Абдыхаим көшесі №46 әкімшілік ғимараттың алды
8	Жамбыл	Шайқорық	Сихымбай баба көшесі №15 мәдениет үйінің алды
9	Қаратөбе	Бектөбе	Жамбыл көшесі №119 бен №136 үйлердің аралығы
10	Қарасу	Ащыбұлақ	Қ. Тубаев көшесі №6 "Тойжан" дүкенінің алды
11	Көлқайнар	"Тараз -Аса -Қаратау" жол	Көлік жөндеу станциясының алындағы алаң
12	Қызылқайнар	Қызылқайнар	Бейсеу Молда көшесі "Қызылқайнар" мейрамханасына қарсы беті

13	Қаракемер	Қаракемер	Әбимолда көшесі №35/а "Ветеринарлық пункт" ғимаратының алды
14	Қарой	Қарой	Пірімқұлов көшесі №106 ғимараттың алды
15	Өрнек	Өрнек	А. Омаров көшесі №18 ғимараттың алды
16	Полатқосшы	Жалпақтөбе	Юнчи көшесі №3 ауылдық әкімшілік алдындағы алаң
17	Тоғызтарау	Тоғызтарау	Жүнісұлы көшесі №7а балабақшаға алдындағы алаң

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК